

Әкімдіктің 2015 жылғы 3 маусымдағы № 125 "Коммуналдық мүлікті иеліктен айыру түрлерін таңдау жөніндегі критерийлерді айқындау туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Әулікөл ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 14 қарашадағы № 304 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 8 желтоқсанда № 6726 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Әулікөл ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 10 ақпандағы № 25 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Әулікөл ауданы әкімдігінің 10.02.2025 № 25 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1174 "Жекешелендіру объектілерін сату қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы № 920 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" қаулысына сәйкес Әулікөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Әулікөл ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 3 маусымдағы № 125 "Коммуналдық мүлікті иеліктен айыру түрлерін таңдау жөніндегі критерийлерді айқындау туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5668 болып тіркелді, 2015 жылғы 25 маусымдағы "Әулікөл" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

қазақ тіліндегі атауы жаңа редакцияда жазылсын:

"Коммуналдық мүлікті иеліктен айыру түрлерін таңдау жөніндегі өлшемшарттарды айқындау туралы", орыс тіліндегі атауы өзгермейді;

жоғарыда көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Әулікөл ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ж. Таукенов

Әкімдіктің
2016 жылғы 14 қарашадағы
№ 304 қаулысына қосымша
Әкімдіктің

**Коммуналдық мүлікті
иеліктен айыру түрлерін таңдау жөніндегі өлшемшарттар**

№ р/с	Өлшемшарттардың атауы	Иеліктен айыру түрлері
1	<p>Жекешелендіру объектісін әрі қарай бақылауға мемлекеттің мүддесінің болмауы; заңнамамен белгіленген мерзімдерде жекешелендіру объектісін сатудан бюджетке ақшалай қаражатты алу қажеттілігі; ең жоғары мүмкін баға бойынша жекешелендіру объектісін сату және саудаға қатысушылардың кең тобын тарту қажеттілігі; мемлекетке тиесілі бағалы қағаздарды оларды әрі қарай бақылауға мемлекеттің мүддесі болмаған кезде сату.</p>	Сауданы аукцион нысанында өткізу
2	<p>Заңнамамен белгіленген мерзімдерде жекешелендіру объектісін сатудан бюджетке ақшалай қаражатты алу қажеттілігі; сату шарттарын белгілеу жолымен белгілі бір уақыт ішінде жекешелендіру объектісін мемлекеттің бақылауында сақтау қажеттілігі; ең жоғары баға бойынша жекешелендіру объектісін сату қажеттілігі; сату шарттарын белгілеу жолымен белгілі бір уақыт ішінде жекешелендіру объектісін мемлекеттің бақылауында сақтау қажеттілігі (қызмет бейінін сақтау, кредиторлық берешекті өтеу, жалақы төлемдері бойынша берешектерді өтеу және өзге де шарттар) болған жағдайда мемлекетке тиесілі бағалы қағаздарды сату.</p>	Сауданы тендер нысанында өткізу
	Сенімгерлік басқарудың, сенімгер басқарушымен, жалға алушымен (жалдаушымен) кейін сатып алу құқығымен мүліктік жалға (

3	жалдауға) беру шартының талаптарын орындау үшін мемлекеттің бақылауын белгілі бір уақыт ішінде сақтау қажеттілігі.	Тікелей атаулы сату
---	--	---------------------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК